



## **Темір ауданы Темір қаласының сатуға арналған жерлерін аймақтарға бөлу сызбасы және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 75 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 16 қаңтарда N 3-10-95 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы "Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Кодексінің 8 бабының 2 тармағына, 11 бабының 1 тармағына сәйкес Темір аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 06.12.2018 № 280 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласының сатуға арналған жерлерін аймақтарға бөлу сызбасы және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрайымы:  
Р.САТАНОВА*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы:  
С.ЖАҢАБЕРГЕНОВА*

*Аудандық мәслихаттың  
2008 жылғы 19 желтоқсандағы  
N 75 шешіміне N 1 қосымша*

## **Темір ауданының Темір қаласының сату мақсаты үшін арналған жерлерін аймақтарға бөлу сызбасы**

**РҚАО ескертуі: схеманың қағаз нұскасын қараңыз.**

*Аудандық мәслихаттың  
2008 жылғы 19 желтоқсандағы  
N 75 шешіміне N 2 қосымша*

## **Темір қаласының сатуға арналған жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері**

Аймақ нөмері	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері
I	2.0
II	1.5
III	1.0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ